



@farabishakirti.kz
f @farabishakirti.kz
i @farabishakirti.kz

Ushqyr oıla! Brikke samğa! Álemdi sharla!

Farabı

№06
МАУСЫМ
2025

shákirti

МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ, ОҚУШЫЛАРҒА, ОРТА ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ
ОРЫНДАРЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА, САЛА МАМАНДАРЫНА,
АРДАГЕРЛЕРГЕ, АТА-АНАҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛ

«Таушымылдық» - Қызыл кітапқа енген Қазақстан флорасындағы
ерекше гүлдердің бірі - «Тарбағатай» Мемлекеттік Ұлттық табиғи
паркі» аумағында жасай қалып өседі.

Таушымылдықты жұлпып, жинауға тыйым салынған.

Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы



**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт
Кемелұлы:**

**«Қытай Халық
Республикасы –
Қазақстанның тату
көршісі, жақын досы
және сенімді серіктесі»**

**Қазақстан
Республикасының
Президенті Тоқаев
Қасым-Жомарт
пен Қытай Халық
Республикасының
Төрағасы Си Цзиньпин.**



– Сан қырлы қазақ-қытай ықпалдастығы Сіздің жеке қолдауыңызбен мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық әріптестік рухында және бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатыр. Мұны ерекше ықыласпен атап өткім келеді. Ортақ тарихымызға мұқият үңілсек, елдеріміздің арасында ешқандай түйткілдер немесе тосқауылдар болмаған. Тек қана өзара достық пен ықпалдастық, түсіністік пен жылы лебіздер басым болды. Қытай халқы қазақ халқына ешқандай зиян келтірген жоқ.

– Қытай Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығында қандай да бір саяси шарт қоймаған. Біздің егемендігіміз бен қауіпсіздігімізге көрсеткен қолдауыңызды бағалаймыз. Қытайдың бейбітшілік бастамаларын қолдаймыз. Еліңіздің әділ әлемдік тәртіп орнату әрекеттерін қуаттаймыз.

**(Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасымен жүргізген келіссөзінен,
(2025 жылғы 16 маусым)**

Farabi shakirti

**Мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға, орта және жоғары оқу орындары оқытушылары мен білім алушыларына,
сала мамандарына, ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал**

№6 (70) маусым 2025

**Журнал 2019 жылдың наурыз айынан бастап,
айына 1 рет шығады (электронды нұсқа)**

**Шығарушы және меншік иесі
«MODERN MEDIA ALMATY» ЖШС**

Директор-Бас редактор: Жанастан КУЧУКОВА
Тілшілер: Жұлдыз ӘБІЛ,
Тамила ИБРАГИМОВА
Безендіруші-дизайнер: Раушан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ

**Редакцияның мекенжайы: 040600, Алматы облысы,
Ұзынағаш, Тәуелсіздек, 81.**
Тел.: +7 701 730 9312
E-mail: farabi_shakirti@mail.ru
ТАРАЛЫМЫ – 228 дана.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
"Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік
басылымды қайта есепке қою туралы КУӘЛІК № KZ28VPY00092839
Астана қ. Берілген күні: 17.05.2024 ж.

Атауы: Республикалық «Farabi shakirti» журналы.
Тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Тақырыптық
бағыты: Мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, орта және жоғары оқу
орындары оқытушылары мен білім алушыларына, сала мамандарына,
ардагерлерге, ата-анаға арналған Республикалық танымдық журнал.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі:
17481-Ж 28.01.2019 жыл

Журналдың цифрлық нұсқасы «Farabi shakirti» редакциясында
қапталды.

Журнал бетінде жарияланған оқырмандарымыздың көзқарасы мен
олардың шығармаларының нақтылығы үшін редакция жауап бермейді.

БОЛАДЫ ДЕП АРМАНДА

Мұқағали Мақатаев



- Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам, таңданба.
Қорлық үшін келген жоқсың
мына өмірге,
Жалғанға.
Мына өмірде, жүрегінде,
Бойында ыстық қан барда.
Болмысты да, болмасты да,
Болады деп арманда!
Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам таңданба!
Мәзіріне, әзіріңе әулекі боп,
Алданба!
Шығатұғын күндерге де,
Ататұғын таңдарға,
Үмітпенен қарағайсың,
жүрегінде жан барда.
Өтер кетер, өтер кетер...
Дейміз ғой біз мұңайып.
Дейміз-дағы, жамаймыз кеп,
бір айыпқа
Бір айып.
Отандастар, ойлайықшы,
ойымызға лайық,
Құласақ та, тек биіктен,
Құзға барып құлайық!
Бықсып жанған қоламта емес,
Артымызда шоқ қалсын.
Болашақтың ойнағында,
Біз тұтатқан от жансын,
...Ей, Болашақ!
Ей, Болашақ!
Ошағында от жансын!
Мүмкін, бізді ұмытарсың..
Кім біледі?..
Жоқтарсың...

Біздің елдің жігіттері



Есенкүл ЖАҚЫПБЕК

Біздің елдің жігіттері – жігіттердің төресі,
Солар жайлы ағайын-жұрт, не білесің сен осы?
Олар жайлы айтылмады биік-биік мінбеден,
Өйткені олар - ақиқат пен шындық сөздің жебесі.

Біздің елдің жігіттері – жігіттердің төресі,
Біздің елдің жігіттері – ұлы мұхит кемесі.
Осы жұрттан бақ пен Қызыр қашпаса
екен деп тілеп,

Осал жерін түзеп жүрген біздің елдің шегесі.
Біздің елдің жігіттері – жігіттердің сырттаны,
Кешегі өткен ақындар мен батырлардың ұрпағы.
Ерте туып, еш заманның маңдайына сыймаған,
Өз елінің ұлтаны мен өз елінің сұлтаны.

Олар жайлы білгің келсе, ортасына кіріп көр,
Солар жүрген жолдарменен дәтің болса,
жүріп көр.

Ерте туып, еш заманның маңдайына сыймаған,
Қайран біздің қасиетті қара нардай жігіттер.



Ақыл-ой алыптарының галереясында хакім Абай дидарының бейнесі бедерлі, тұлғасы елеулі. Оны түсіну – даналық бақшасына еккен алғашқы дәніңіз. Философ Мишель Фуконың «дүние – ең үлкен мәтін» деген пайымына илансақ, сөз – оның ең кішкентай бөлшегі. Сол себепті данышпан Абайдың пәлсапасын түсіну үшін ол жиі қолданған 5 сөзді зерделеп, оның танымдық тамырына үңіліп көрдік.



Абай жиі қолданған бес сөз

«АҚЫЛ»

Бұл адам болмысының негізгі сипаты. Өзге жаратылыстардан екшеп, биік қылып тұрған нәрсе де – осы. Абай «ақыл» сөзін 199 рет қолданған. Алайда хакімнің дүниетанымындағы ақыл – біз қабылдап үйренген логика емес. Оның мақсат еткені – нұрлы ақыл. Адам ақылын сол арқылы зұлымдыққа емес, ізгілікке жұмсайды. Хакім танымына сәйкес, «кісі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылық жоқтығынан азады». Осы себепті барлығы жүрекке бағыну керек. Өйткені жүрек – нұрдың ұясы. Періште жүрекке қонақтайды. Абай М. Лермонтовтан тәржімелеген «Шайтан» өлеңінде бастапқыда әзәзілдің періштелерге сабақ берген асқан ақылдылығын айта келіп «Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды, өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген» деп жазғырады. Ол құдайдың шетсіз, шексіз ілімін шектеулі санасына сыйдырамын деп тәкаппарлағанын еске алады. Адамды да осы мінез кеселінен сақтандырады.

«ЖҮРЕК»

Абай өлеңдері мен қара сөздерінде «жүрек» сөзін 156 рет пайдаланған. Ал құранда бұл сөз

132 жерде кездеседі. Бұл жан мен тәннің ең маңызды мүшесі – жүрек екендігін көрсетіп тұр. Хакім дүниетанымындағы жүрек – адамдардың өзін-өзі танитын терезесі. Ол – он екі мүшенің патшасы, құдайлық нұрдың ұясы. Сондықтан оны таза сақтау – кемелдікке жеткізетін ең басты қарекет. Ақын шығармашылығындағы «жылы жүрек» концепциясы – терең гуманисттік ұғым. Бұл, әрине, даналардан жалғасып жатқан тұғырлы тұжырымдама. Әл Фараби өзінің трактатында «Жүрек – ішкі табиғи жылылықтың көзі. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар осыдан нәр алып отырады», деген жазбасы бар. Сәйкесінше осы идеяны Абайдың сараптауында былай жеткізіледі: «Сол жүректен жылылық, достықпенен бұлақша ағып ғаламға тармақшы». Яғни, әрбір адам жүрегіне жамандық жуытпаса, қоғам да дұрысталады.

«ФИБРАТ»

Абай шығармашылығында бұл сөзді 16 рет қолданған. Түбі парсыдан шығатын сөз үлгі, өнеге мағынасын үстейді. «Сол нәрсені естігенде иә көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек» дейді отыз бірінші қара сөзінде. Ислам философиясында құранның бір емес екеу екендігі айтылады. Бірі – Мұхаммед

пайғамбарға түскен кітап, екіншісі – он сегіз мың ғаламның өзі. Алғашқысы – кіші құран саналса, кейінгісі – үлкен құран аталады. Мұсылмандардың кіші құранды ғана оқып, үлкен құран – дүниенің құпиясы мен сырына назар салмайтыны философтардың сынына талай іліккен. Абайдың пайымына салсақ, өмірдің әрбір құбылысына зейінмен назар салып, оның хикметіне ой жүгірту керек. «Бұл өзі не нәрсе», «мұндай болуының себебі не?» деген сауалдарға індетте жауап іздесе, Абай ондай жанды хакім болады дейді. Себебі хакім – әр істің себебін іздеуші. Бұл тұста Абай Сократ философиясымен үндеседі. Грек ойшылы дұрыс сұрақ қою арқылы шынайы ақиқатқа жетуге болатынын түсіндірген.

«ЕҢБЕК»

Абай философиясындағы «еңбек» концепциясы - оның рухани әрі әлеуметтік ілімінің өзегі. Хакім Абай үшін еңбек - тек қана күнкөріс көзі емес, адамның адам болып қалыптасуының, қоғамның өркендеуінің, рухани жетілуінің басты тетігі. Ол өз шығармаларында еңбексүйгіштік пен адал тіршілікті насихаттай отырып, жалқаулық пен масылдықты сынайды. Абай «еңбек» сөзін шығармаларында 47 рет қолданған. Отыз жетінші қара сөзінде «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», дейді. Хакім дүниетанымына сәйкес, Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады.

«ҒЫЛЫМ»

Ақыл зекеті – ғылым. Онымен айналысу адамның өзін, дүниенің сырын тануға мүмкіндік береді. Хакім бұл сөзді 111 рет пайдаланған. Абай мұсылман қоғамынан шыққаннан кейін ғылымды құдай хикметінен ешқашан бөліп қарастырмайды. Керісінше ғылымды – ең асыл құлшылық деп түсіндіреді. «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық хәм адамдық дүр», дейді өзінің отыз сегізінші қара сөзінде. Мұның түп-тамыры «Ғалымның сиясы шахиттың қанынан артық» деген пайғамбар хадисіне барып тіреледі.

Абзал Мақаш,
egemen.kz

ҰЛЫ АБАЙ ЖАЙЫНДА ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

*1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысындағы Семей қаласынан 180 шақырым қашықтықтағы Жидебай қыстағында дүниеге келген. 59 жыл ғана ғұмыр кешкен ақын Шыңғыстауға жақын Жидебайдың маңындағы өз қыстағына таяу тұсқа жерленген.

*Ақындық жолға ол 10 жасында түсе бастайды. Ең алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялаған. Бір деректерде Абай Көкбайдан өз өлеңін бір қараға сатып алғаны айтылады.

*Абай көзі тірісінде 176-ға жуық өлең жазған. Ең танымалы – «Қара сөздері». 45 қара сөзден құралған бұл шығарманы ақын тоғыз жыл бойы жазған. Шығарма ең алғаш 1918 жылы, өзі өмірден өткен соң 14 жылдан кейін «Абай» журналында жарық көрді. Абай шығармалары әлемнің 60 тіліне аударылған.

*Хакімнің ақын, жазушылықтан бөлек, композиторлық қабілеті де болған. Ол 20-ға жуық ән шығарған. Соның бірегейі – «Көзімнің қарасы».

*Абай шығармашылығында бітпей қалған поэма "Өзім әңгімесі". Бұл поэманың сюжеті "Мың бір түн" оқиғасынан алынып, қарттан екі рет алданып қалған Өзім туралы таңғажайып оқиғалар туралы баяндалады.

*Абай болыстық қызмет атқарған. Занды жетік білген. Ел басқару ісіне 13 жасында араласып, 21 жасында болыс болып сайланады.

*Абай: «Атадан алтау, анадан төртеу едім». Құнанбай қажының 4 әйелі болған. Бәйбішесі Күңкеден – Кұдайберді. Ұлжаннан – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим, Ысқақ, Оспан. Үшінші әйелі Айғыздан – Халиулла, Ысмағұл туады. Төртіншісі – Нұрғаным. Одан ұрпақ жоқ.

*Ахмет Байтұрсынұлы ең алғашқы – Абайтанушы. Ол 1913 жылы "Қазақ" газетінде "Қазақтың бас ақыны" мақаласын Абайға арнап жариялап, «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деген болатын. aikyn.kz



Қасым-Жомарт Тоқаев Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенін аралап көрді



2025 жылғы 19 маусым
Астана қаласы

Нысан аумағында футбол, волейбол мен баскетбол алаңдары, бокс, дзюдо, қазақ күресі және басқа да спорт түрлерімен шұғылдануға арналған жекпе-жек залдары бар.

Президент бұқаралық спортты дамыту үшін осындай кешендерді көптеп салу қажет екенін айтты.

Сондай-ақ жас боксшылармен және футболшылармен әңгімелесіп, олардың келешекте әлем, олимпиада чемпиондары болуына тілектестік білдірді.

— Бұл үшін, ең алдымен, еңбек ету керек, табандылық қажет. Жеңіске тек еңбекқорлық қана жеткізеді, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы жеке инвестордың қаржысына салынып, биыл пайдалануға берілген көпфункционалы ғимараттың қызметімен танысты.

Елордада орналасқан кешенде түрлі деңгейдегі спорттық іс-шаралар, сондай-ақ халыққа арналған сауықтыру және демалыс бағдарламалары ұйымдастырылады.

«ЕЛДІ ПІР ТҰТЫП ЕДІМ, АДАСПАППЫН»

«Д.А.Қонаевтың қанатты сөздеріндегі лингвистикалық ерекшеліктер» тақырыбында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология факультетінде тұңғыш рет ғылыми бағытта диплом жұмысы қорғалды.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев – қазақ халқының сүйікті перзенті, елінің өркендеуіне көп үлес қосқан, халық алдында абыройлы басшы, кемеңгер ұлы, заңғар саясаткері, қоғам қайраткері.

Елінің әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық тұрғыдан дамуына өз үлесін қосқан. Бұған Д.А.Қонаевтың «Елді пір тұтып едім, адаспаппын» – деген сөзі дәлел. Дінмұхаммед Қонаевтың қолдауымен, басшылығымен: Екібастұз көмір бассейні, Бұқтырма және Өскемен металлургия зауыттары, Жезқазған мыс қорыту комбинаты, Теміртау металлургия комбинаты, Маңғыстау мұнай-газ Алматы ауыр машина жасау зауыты (АЗТМ), Қазақстан Ғылым академиясы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі ҚазҰУ), ҚазҰМУ, ҚазҰАУ, ҚазҰТУ, Медеу спорт кешені, Қазақстан қонақ үйі, Республика сарайы, Павлодар - Екібастұз, Маңғыстау теміржол желілері тартылып, ГРЭС-1, ГРЭС-2 жылу электр станциялары, басқа да халыққа қызмет көрсететін ғимараттар салынды.

Халқының біртуар ұлы Димакендей тұлға - мемлекет, қоғам қайраткерінің өмірі тағылым мен танымға толы. Ол кісінің айтқан әрбір сөзі қазіргі және келешек ұрпақ үшін тәлім-тәрбие беретін тәрбие құралына айналған дейміз. Д.А.Қонаевтың қаламынан туындаған «Ақиқаттан аттауға болмайды», «Өтті дәурен осылай» атты кітаптары қалған.

Осы күнге дейін Д.А.Қонаевтың сөз оралымдары, қанатты, қазыналы сөздері, ойлары туралы тарих, педагогика, психология, философия, филология, т.б. бағыт, салаларда ғылыми жұмыс, диссертация, монография, т.б. ғылыми бағыттағы жұмыстар жазылмаған, зерттелмеген, қорғалмаған.

ДІНМҰХАММЕД ҚОНАЕВТЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

*Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте.

*Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.

*Сенім – күдіретті күш: тауды да қозғайды.

*Абыройдан ақ отау тіктім деген кісінің пенделігі аз болмайды.

*Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген.

*Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.

*Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын.

*Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді.

*Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда!

Дереккөзі: <https://egemen.kz/>;
<https://bilim-all.kz/>



Д.А.Қонаевты ғылыми тұрғыдан зерттеуге ұсыныс жасап, идеяны бастаған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, шебер-педагог, Ы.Алтынсарин төсбелгісі иегері, философия докторы (PhD) Малик Майра Маликқызы; ғылыми кеңісші ф.ғ.к., доцент Куркебаев Кенжетай Курманбаевич, жұмысты қорғаушы Серикбай Адия.

(Өз тілшімізден).

«FSH»

Сурет: <https://dalanews.kz/>

ҚАЗАҚ МҰРАСЫ НЬЮ-ЙОРК МУЗЕЙІНДЕ ТҰР: ТАРИХИ ЖӘДІГЕР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы әлемге әйгілі Метрополитен өнер музейінде XIV ғасырдың сирек жәдігері — Алтын Орда ханы Әз-Жәнібекке тиесілі болат дулыға сақтаулы. Бұл – қазақ даласынан шыққан тарихи мұраның жаһандық деңгейде мойындалуының айқын дәлелі.



ЖӘДІГЕР ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША ДЕРЕК

Метрополитен музейінің қару-жарақтар залында тұрған дулыға XIV ғасырдың орта шеніне жатады. Жәдігер болаттан жасалып, күміспен безендірілген. Дулығаның маңдай тұсында арабша жазу қашалып жазылған: «Жеңімпаз, ұлы, қасиетті жауынгер, мәртебелі сұлтан Махмұд Жәнібек ханның бұйрығымен жасалды». Кейбір зерттеушілер жазудағы «Махмұд» атауы оның ұлына емес, Жәнібектің құрметті атағына жататынын айтады. Себебі ол кезде тек ресми билік жүргізген хандар ғана «жеңімпаз» деген мәртебеге ие болатын.

ӘЗ-ЖӘНІБЕК ХАН КІМ БОЛҒАН?

Әз-Жәнібек хан (1310–1357) — Алтын Орданың тарихындағы аса беделді билеушілердің бірі. Әйгілі Өзбек ханның баласы. Ол 1342 жылдан бастап хандық құрды. Өз дәуірінде ислам дінін нығайтып, экономиканы тұрақтандырып, сауда жолдарын қауіпсіз етіп, саяси тұрақтылық орнатты.

Көре отырыңыз: Жәнібек ханның дулығасы қайда?

Жәнібек хан әділеттілігімен, әскери реформа жүргізуімен және мәдениетті қолдаумен танылған. Оның билігі кезінде Сарай-Берке, Қырым және Еділ бойындағы қалалар гүлденіп, Алтын Орда саяси қуатының шыңына жетті.

Тарихшылар оны Қазақ хандығының құрылуына ықпал еткен тарихи процестердің бастаушысы ретінде бағалайды.

МЕТРОПОЛИТЕН МУЗЕЙІНДЕГІ ОРТА АЗИЯҒА ҚАТЫСТЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

Нью-Йорктегі Метрополитен өнер музейі — әлемдегі ең ірі музейлердің бірі. Орта Азия мемлекеттері тарихына қатысты ондаған құнды экспонат осы мекемеде сақтаулы. Олардың қатарында: Шағатай ұлысына тиесілі қылыштар мен сауыттар, Әмір Темір дәуірінің керамикалық ыдыстары, Бұхара мен Самарқандтан табылған діни реликвиялар сонымен қатар парсы миниатюралары мен құран жазбалары сақталған. Жәнібек ханның дулығасы — осы топтамалардың ішіндегі ең құнды жәдігерлердің бірі. Бұл жәдігер қазақ даласының жауынгерлік рухы мен мәдени байлығын әлемдік өркениетпен байланыстырып тұр.

ЖӘНІБЕК ХАННЫҢ ДУЛЫҒАСЫ — ТАРИХ ПЕН БОЛМЫСТЫҢ ТОҒЫСЫ

Дулыға — тек әскери құрал емес, сонымен қатар тарихи құжат. Ондағы жазу, материал сапасы, жасалу стилі XIV ғасырдағы Орталық Азияның қару-жарақ шеберлігін дәлелдейді. АҚШ-тағы «Метрополитен» өнер музейінде сақталған жәдігер туралы алғашқылардың бірі болып Новосібір мемлекеттік университетінің археология және этнология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Леонид Бобров баяндама жасап, осы сүйінші хабарды жеткізген болатын. Осыдан он жыл бұрын Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында өткен «Музей раритеттеріндегі Қазақ хандығының тарихы» атты ғылыми-тәжірибелік конференция Жәнібек дулығасы туралы айтылды. Ресейлік профессордың айтуынша АҚШ ғалымдары бұл дулыға Алтын Орда ханы Жәнібек ханға тиесілі болуы мүмкін деген болжам жасаған. Оған дулығаның төменгі жағында араб әріптерімен жазылған жазу айқын дәлел болған. Жәнібек ханға тиесілі дулығаны



кезінде еуропа саяхатшылары Тибет жерінен алып кеткен көрінеді. Содан бері ұзақ уақыт жеке меншік коллекциялардың бірінде сақталған. Кейін АҚШ-тың атақты коллекционерінің бірі сатып алған көрінеді. Ал, 2007 жылы Нью-Йорк қаласындағы «Метрополитен» өнер музейіне тапсырылған. Жәнібек ханның дулығасы бүгінгі ұрпақ үшін рухани-мәдени мұра ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлік пен жауынгерлік рухтың символы болып табылады.

Түйін. Жәнібек ханның дулығасының Метрополитен музейінде сақталуы — қазақ халқының жаһандық мәдени мұрадағы орнын дәлелдейді. Бұл — тарихты тек еске алу емес, оны жаңа буынға жеткізу, ұлттың өткенін құрметтеу. Мұндай жәдігерлерді зерттеу — өткенімізді ұғыну мен болашағымызды нықтау жолындағы маңызды қадам.

Автор: Алтынбек ҚҰМЫРЗАҚҰЛЫ,
<https://e-history.kz/kz/news/show/50000274>



Әлем ардақтаған хәкім Абай

Түркістан олысы, Түлкібас ауданындағы М. Лермонтов атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінде Тастұмсық ауылдық кітапханасы мен М. Лермонтов атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Әлем ардақтаған хәкім Абай» атты ғылыми дәріс болып өтті.

Конференцияға Түркістан облысындағы іргелі екі университеттің оқытушылары, Түлкібас аудандық Жастар ресурстық орталығы, Түлкібас аудандық "Шамшырақ" газетінің тілшілері, Түлкібас аудандық қоғамдық келісім ММК мамандары, Жыланды ауылының ауыл биі мен көпшілік оқырмандар қатысты.

Конференцияда Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің Ғылым бөлімінің басшысы, география ғылымдарының кандидаты, доцент Мамадияров Марат «Абай – ұлттық әдебиеттің аскары», аға оқытушы Рысбеков Марат «Абайдың қара сөздері мен әндері – ұлттық таным – түсініктің қайнар бастауы» тақырыбында көлемді ғылыми баяндамаларын таныстырып, ақиық ақынның өмірі мен шығармашылығына кеңінен тоқталып, еңбектерін зерттеудегі соңғы жаңалықтарды ортаға салды. Шымкент университетінің магистранты Абдуллаева Рано «Абайдың әдеби тілі» тақырыбында слайдты баяндама таныстырды.

Әрі жас оқырмандарымыз әдебиетіміздің ардағы туралы көп ақпарат ізденіп, «Ескендір», «Әзімнің әңгімесі» поэмаларына талдау жасады. Лермонтов ЖОМ 10 сынып оқушылары Лесбек

Әсем мен Бақтайқызы Нұрила «Өз заманының дарабозы, «Абай және қазақ ұлты», Олег Кошевой атындағы жалпы білім беретін білім мекемесінің 8 сынып оқушысы Аббасова Айгюн «Абайдың табиғат лирикасындағы кейіптеу» тақырыбында өз зерделеу жұмыстарын ғалымдар назарына ұсынды. Зерделеу жұмыстарының кемшілігі мен артықшылығы ғалымдар тарапынан бағаланды. Оқырмандар ақынның бірнеше өлеңдерінен үзінділер оқып, Абайдың әнін шырқап берді.

Кітапханашылар «Абай – әлем таныған кемеңгер» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Іс-шараға қатысушылар Абайдың әнін шырқап, Абайға құрмет көрсетті.

ТОПАНБАЙ Мейірхан Мейрамбекұлы,
Түлкібас аудандық орталықтандырылға
кітапханалар жүйесіне қарасты
Тастұмсық ауылдық кітапханасының
кітапханашысы,
Ф.ғ.к.аға оқытушы Кайырбекова Ұ. С.
Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар достығы
университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім
бағдарламасының магистранты



ШӘКІРТТЕРМЕН БІР ТРЕНДТЕГІ МЕКТЕП БАСШЫСЫ

Қазіргі заманда көшбасшы болу – жай ғана басқарып отыру емес. Бұл – заман ағымына бейімделіп, жастардың жан-дүниесін түсініп, олардың болашағына сенім ұялата білу. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, күн сайын дәлелдеп келе жатқан тұлғаның бірі – Нұғман Ақмоншақ Нұртазақызы.

Ол – оқушылармен бірге трендтегі видеолар түсіретін, Instagram желісінде белсенді блог жүргізетін, білім мен тәрбиені ұлттық құндылықтармен үйлестіре білген заманауи көшбасшы. Ақмоншақ апай үшін директор кабинеті – жабық кеңсе емес, керісінше жастармен ашық диалог алаңы. Сондықтан да бүгінде ол тиктокер директор деген заманауи атауға ие.

Астана қаласындағы №58 мектеп-гимназияның директоры, PhD докторанты Ақмоншақ Нұртаза – жастармен бір толқында болуды мақсат емес, күнделікті өмір салтына айналдырған адам. Оқушылардың қызығушылығы мен тіліне бейімделе отырып, ол ұжымдағы әрбір жастың бойындағы қабілетін аша біледі.

Ақмоншақ апайдың кәсіби жолы қарапайым мұғалімдіктен басталған. Бүгінде директор ретінде өзінің екінші оқу жылын сәтті аяқтап отыр. 15 жыл бойы дәстүрлі ұстаздық үлгімен жұмыс істеп келген ол, бір сәтте: бізге өзгеріс керек. Альфа ұрпағымен жұмыс істеудің тілі де, тәсілі де жаңа болуы тиіс – деген батыл шешіммен жаңаша бағытқа бет бұрды.

Бұл бетбұрыс кездейсоқ емес еді. Финляндияның білім жүйесімен танысып, ондағы сенім

мен еркіндікке құрылған мектеп моделінен шабыт алған Ақмоншақ апай басқарған мектеп бүгінде шығармашылыққа толы, ашық форматтағы, өзіндік мәдениеті бар білім ордасына айналып келеді.

Соңғы жарқын мысал – Димаш Құдайбергеннің "Тау ішінде" әніне орай ұйымдастырылған видеочелендж. Нәтижесінде TikTok пен Instagram желілерінде 3 миллионнан астам қаралым жинаған №58 мектеп-гимназиясының бейнеролигі 1-орынды иеленіп, жеңімпаз атанды. Оқушылар мен ұстаздар Димаштың Лондондағы концертіне тегін билет ұтып алды. Бұл тек марапат емес, директор мен оқушының арасында тірі байланыс бар екенін көрсеткен нақты мысал.

Ақмоншақ Нұртаза үшін мұғалім де, директор да – оқушыға жақын, қоғаммен үндес, үнемі жаңарып отыратын тұлға болуы тиіс.

**ҒАНИҚЫЗЫ Дәрия,
Абай атындағы Республикалық
мамандандырылған
дарынды балаларға арналған
мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы.
Сурет: <https://turkystan.kz/>**

Әйелдер мен балалардың құқығын қорғаудың тиімді жүйесі қалыптасты – Ерлан Қарин



АСТАНА. KAZINFORM – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы заңның қабылданғанына бір жыл толып, осы мерзімде істелген жұмыстарға тоқталып өтті.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы заңның қабылданғанына бір жыл толды.

— Президент 2024 жылғы 15 сәуірде қол қойған Әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігі туралы заң былтыр 16 маусым күні күшіне енді. Мемлекет басшысы билікке келген кезден бастап әйелдер мен балалардың құқығын қорғау саясатын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы ымырасыз күресу өзінің мызғымас ұстанымы екенін үнемі айтып жүр, – деді Мемлекеттік кеңесші.

Қабылданған заңның және мемлекет жүзеге асырып жатқан нақты шаралардың нәтижесінде Қазақстанда әйелдер мен балалардың құқығын қорғаудың озық заңнамалары мен тиімді жүйесі қалыптасты.

— Нәтижесінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері едәуір азайды. Мысалы, жыл басынан бері құзырлы органдарға тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты түскен арыздардың саны былтырғы осы уақпен салыстырғанда 20,5%-ға төмендеді. Бұған қоса ауыр және аса ауыр сипаттағы тұрмыстық қылмыстың саны азайған. Жыл басынан бергі бес айда аса ауыр тұрмыстық қылмыс 44%-ға, ауыр отбасылық-тұрмыстық қылмыс 29%-ға төмендеген. Сонымен қатар, бес айда кәмелет жасына толмағандарға қарсы жасалған жыныстық сипаттағы қылмыс саны 21,3%-ға, педофилияға қатысты қылмыс саны 40,7%-ға азайған. Жалпы, мемлекет тарапынан қолға алынған ұйымдастыру шаралары мен құқықтық шаралардың нәтижесінде соңғы бес жылда әйелдердің құқықтарын бұзған қылмыс саны екі есе азайған, — деп жазды Ерлан Қарин.

Жазаның күшейтілуі мен алдын алу шараларының жаңа тәсілдері өз жемісін беріп жатыр.

Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау көрсеткіштері айтарлықтай артты. Жаңа тәсілдің, яғни, ресми түрде арыз берілмесе де, өңірлерде құрылған жедел топтардың, полиция қызметкерлерінің,

куәгерлердің берген деректері мен әлеуметтік желілерді сараптаудың нәтижесінде биылғы қаңтар-мамыр айларында 19 мыңнан астам осындай оқиға анықталды.

Мектептерге «111» мемлекеттік байланыс орталығының QR-коды орнатылғаннан кейін балалар арасындағы зорлық-зомбылық, буллинг, күрделі психикалық-эмоциялық жағдайларды анықтау көрсеткіші артты. Биыл 5 айдың ішінде 86 мың бала осы қызмет түріне жүгінген. Соның ішінде 2 мыңнан астам бала зорлық-зомбылықтан, буллингтен, сыныптастарымен, ата-анасымен күрделі қарым-қатынастан күйзеліске түскенін айтып көмек сұраған. Балалар өзіне өзі қол жұмсамақ болған 28 оқиға анықталып, қатердің беті қайтарылған. «111» қызметіне хабарласқан азаматтардың саны да көбейіп келеді. Соңғы бес айда бұл нөмірге балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, психологиялық көмек алу және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін айту үшін және басқа да әлеуметтік мәселелермен 62 мың ересек адам хабарласқан.

Отбасыларға, әйелдер мен балаларға көмек көрсету ауқымы кеңейді. Қазірге дейін психологиялық көмек көрсететін 20 орталық ашылды. Еліміздегі 112 қала мен ауданда отбасыларды қолдау орталықтары жұмыс істеп тұр. Осы жылдың алғашқы тоқсанының өзінде 34 мың отбасына әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсетілді, 2 мың отбасына әлі де көмек көрсетіліп жатыр.

Агрессормен психологиялық жұмыс жүргізу зорлық-зомбылықтың алдын алудың жаңа тәсілі ретінде дамып келеді. Биыл сот үкімімен 52 «бұзақы» денсаулық сақтау мекемелерінде психологиялық көмек алуға міндеттелді.

Айта кетелік ІІМ жыл сайын тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 100 мыңнан аса хабарлама түсетінін айтқан еді.

[https://kaz.inform.kz/news- сайтынан алынды.](https://kaz.inform.kz/news- сайтынан алынды)



Сурет: Жи

ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ ЖӘРМЕҢКЕЛЕР

IX ғасырдың екінші жартысында Қазақ елі төрт түлік малдың және мал өнімдерінің мол шикізат көзі ретінде орыс көпестерінің назарын аудара бастады. Соған орай, жәрмеңке ұйымдастырудың тиімділігін түсінген орыс әкімшілігі қазақ жерінде маусымдық жәрмеңкелер өткізе бастайды.

Жәрмеңкелердің алғашқы легі Арқа өңірінде ашылған. Бұл орайда Ұлы Жібек жолының бойында орналасып, Ресей мен Орта Азияны байланыстырған транзиттік орталық ретіндегі Ақмола бекінісінің маңызы зор болды.

Ол кезеңдегі Ақмола округтік приказы арқылы өткен сауда керуендері мен жәрмеңке өткізуге қатысты құжаттар бүгінде Астана қаласының мемлекеттік архивінде сақтаулы.

Астана қаласының мемлекеттік архивіндегі құнды құжаттар тоғыз жолдың торабында орналасқан шежірелі шаһардың материалдық және рухани өмірінен кеңінен сыр шертеді.

Ақмола өңіріндегі алғашқы жәрмеңкелерге қатысты материалдар осы архивтің №430 қорында жинақталған. Бұл қор – Орынбор, Омбы, Орталық мемлекеттік архивтерден қала тарихына байланысты жинастырылған құжаттарды қамтиды.

Арасында Батыс Сібір генерал-губернаторының, Омбы әкімшілігінің құжаттары да бар. Өйткені ол заманда тек Ақмола ғана емес, Қарқаралы, Аягөз өңірлері де бір мезгілде қарастырылып отырған.

Ақмола өңірінде жәрмеңке өткізу мәселесі XIX ғасырдың отызыншы жылдарынан бастап қарастырыла бастаған. Бұл жөнінде Батыс Сібір генерал-губернаторына сол уақыттағы арнайы хабарламалары жолданған.

Бір хабарламада тәжірибе ретінде Ақмола, Қарқаралы, Аягөз округтеріндегі саудагерлер мен дала қазақтарының сауда жүргізіп, айырбас жасайтын, мәмілеге келетін сауда нүктелері ашылғаны баяндалады.

Аталған құжаттар №430 қор, тізімдеме 6, іс №5, орыс тілінде сақталған. Құжаттардың орналасқан жері – Астана қаласының мемлекеттік архиві.

Омбы губернаторына жолданған бір хабарламада:

«Сіздің №1584 үкіміңіз негізінде қазақтардың съезі өтетін 22 тамызға орай, жергілікті басшылар арқылы кедендік бекеттерде қазақтардың өз бұйымдарын, малын сатуға және айырбастауға мүмкіндік жасалатыны

хабарланды. Алайда белгіленген 1842 жылғы 22 тамызда жәрмеңкелер өткізілмеді. Себебі, сол уақытта көптеген істердің басым бөлігі Нижегород жәрмеңкесінде болып, тауарларды қазақ даласына сол жерден таратты.» – деп жазылған.

Хатшы Яценко осы оқиғадан кейін өз ұсынысын білдіріп, қазақ даласында тұрақты жәрмеңкелер өткізуді сұрайды.

«1842 жылы 13 қазандағы №2861 хатпен қазақ даласында Көкшетау мен Аягөзде 1 қазаннан бастап, Қарқаралы мен Ақмолада 15 мамырдан бастап тұрақты жәрмеңкелер өткізу туралы қолдау сұрадым. Себебі көптеген керуендер бекеттерге тоқтап, қазақтар қойларын сату мүмкіндігін іздейді. Менің ұсынысыма Сіз өзіңіздің №2306 өкіміңізбен келісім бердіңіз.» – делінген құжатта.

Сонымен бірге бұл хабарламада жәрмеңке өткізу туралы саудагерлерге хабарланғаны, Сібір қазақтары жәрмеңкесін өткізу жөніндегі өкім Тобыл және Том губернияларының басшыларына да жеткізілгені айтылады.

Қазақтарға бұл жәрмеңкелердің пайдасы туралы түсіндіру округ басшыларына тапсырылған. Дегенмен, шекара кеңсесінің басшысы қазақ даласында ашық сауда орындарын ашуға халық әзірге дайын еместігін және бұл әзірге табыс әкелмейтінін атап өтеді.

Ол уақытта орыс немесе басқа аймақтардан келетін саудагерлердің қызығушылығы жеткілікті деңгейде болмаған. Алайда Ақмола станицасы біртіндеп дами келе, шағын кәсіпорындар ашыла бастаған, көшіп келушілер саны артқан. Соған байланысты жағдай да біртіндеп өзгерген.

Осылайша Сібір қырғыздарын басқару шекара басшысына Ақмола ішкі округтік приказынан аға сұлтан Арслан Құдайменов қол қойған хат жолданған.

Бұл хатта Ақмолада қай уақытта жәрмеңке өткізуге болатынын сұрай келе, осында тұратын саудагерлер, көпестер, қазақтар мен казактар жиылып, бірауыздан 21 мамыр мен 10 маусым аралығында Әулие Константин патша және оның анасы Елена атындағы жәрмеңке өткізуді ұсынған.

Себебі дәл осы уақытта Ташкенттен және Петропавловскіден өтетін керуендер сауда және айырбас жасауға мүмкіндік туғызған.

Архив деректеріне сүйенсек, Ақмола округінде жәрмеңке өткізу туралы арнайы құжат 1851 жылғы 12 қарашада толтырылған. Онда Ақмоланың сыртқы округтік приказы Сібір қазақтарын басқару бастығының міндетін атқарушы мырзаға жолдаған №6358 нөмірлі ресми хат сақталған.

Бұл хатта болыстықтардан қазақтар келіп, малдарын өткізіп, балық сатып, керуендерден өздеріне қажетті тауарларды алатыны, сондай-ақ тауар тасуға жалданатыны айтылған. Мұндай сауданың дамуы үшін жағдай өте қолайлы деп көрсетілген.

Сонымен қатар, егер жоғарғы басшылық мақұл көрсе, жыл сайын 26 қазан мен 10 қараша аралығында, Әулие Дмитрий Салунский күніне орай тағы бір жәрмеңке өткізу пайдалы болатыны ұсынылған.

Осылайша Ақмола өңірінде кейіннен мәлім болған

Константин жәрмеңкесі (21 мамыр – 10 маусым аралығы) және Дмитрий Салунский жәрмеңкесі (26 қазан – 10 қараша аралығы) ашылған. Бұл жәрмеңкелер жыл сайын тұрақты түрде өткізіліп тұрған.

Ақмоланың маңызды сауда жолы ретіндегі мәні де ерекше атап өтіледі. Себебі Ташкент пен Қоқаннан Петропавловскідегі ірі сауда орталықтарына шығатын керуендер Сібір қазақтары облысының орталығы болып саналатын Ақмола арқылы өтетін болған.

Сондықтан тұрмысқа қажетті тауарларды алу үшін қазақтар жәрмеңке уақытында Ақмолаға жаппай ағылып келген.

Көптеген керуендер тауарларын сол жерде толықтай сатып бітіруге тырысқан. Жәрмеңке өтетін жердегі керуен-сарайда сол кезде 70 дүкен жұмыс істеген.

Құжаттарда Ақмоланың аз уақытта Батыс Сібірдегі ең ірі сауда орталықтарының біріне айналу мүмкіндігі толықтай бар екені көрсетіледі.

Сонымен қатар, сауданың дамуына байланысты бұл жерге полицейлік бақылау қажет екені айтылған. Өйткені халық санының өсуіне байланысты қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мүлікті қорғау мәселелері де өзекті бола түскен.

Осыған орай, жаңа полиция мекемесін ашу жөнінде ұсыныстарда енгізілген. Бұл 1861 жылдың құжаттарында нақты көрсетілген. Көп ұзамай Ақмола ресми түрде қала мәртебесіне ие болып, 1868 жылы Ақмола облысының облыс орталығына айналған. Жәрмеңкелер өңірдің экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал еткен.

Егер бастапқы кезеңде қаланың жылдық сауда айналымы 10 мың рубль шамасында болса, 1865 жылы бұл көрсеткіш 1,5 миллион рубльден асқан.

Сонымен бірге жәрмеңкеде саудаланатын тауар түрлері де арта түскен.

1871 жылы Ақмола арқылы өткен Азия тауарлары туралы ведомостың мәліметі бойынша, Ақмола полиция приставы Ақмола облысының губернаторына арнайы баяндама жолдаған.

Онда Ташкенттен әкелінген тауарлар мен орыс, сарт көпестерінің мақта-мата өнімдері, тұқымдар, жеміс-жидектер, қағаз тауарлары, азық-түлік өнімдері, мал өнімдері және басқа да тауарлар көрсетілген.

Мысалы:

- Ресейлік мақта-мата өнімдері – 10 мың әкелінген, 7 372 сатылған
- Қара тауар – 700 әкелінген, 500 сатылған
- Темір – 500 әкелінген, 200 сатылған
- Азық-түлік өнімдері – 500 әкелінген, 500 сатылған
- Азиялық тауарлар – 1 500 сатылған
- Өртүрлі малдар – 7 мың сатылған
- Балық – 3 мың сатылған
- Аң терілері – 1 мың сатылған
- Ташкенттен әкелінген жеміс-жидектер – 2 мың әкелінген, 1 мың сатылған.

Жалпы алғанда, барлығы 26 100 рубльдің тауары әкелінсе, 20 722 рубльдің тауары сатылған.

Автор: Нұрлан НҰРЫШОВ,
<https://e-history.kz/>

БҰЛ – БОЛАШАҚ!

ертегі

Баяғы өткен заманда қатыгез бай өмір сүріпті. Әсіресе, қол астында жұмыс істейтін жалшыларына мүлде әділетсіз екен. Сол жалшылардың арасында тоғыз ұлы бар сіңірі шыққан кедей бар екен. Күні-түні байдың қара жұмысын атқаратын кедейге бар-жоғы бір тілім ғана нан беріп, қоя береді екен. Балалары өскен сайын ішкерге ас, киерге киім таппайды. Жұмысын қаншылықты ретгі істегеніне қарамастан, байдың жандайшаптары әлгі байғұсты өлімші етіп сабап, қойдың арасына итеріп тастайды. Мына өмірге налыған кедей Аллатағалала жалбарынып:

— О, Жаратқан Ием! Мына азаптан құтқара көрші. Мен өлсем, ана тоғыз ұлымды мына бай итке талатып, шыбын жанын шырқыратады. Маған күш-қуат берші, Алла, - дейді талықсып бара жатып.

— Балам, Аллатағала сүйген құлын сынаиды. Сынағынан өткенде, сол құлына байлық пен береке сыйлайды. Мына азабыңды маған берші, - дейді қария мұның ауыр таяқтан ауырып жатқан денесін сипап. Қанша уақыт жатқаны белгісіз, оянса үйінде жатыр екен. Е-е, маған келген аян екен ғой, Құлан-таза айығып, қайта байдың үйіне барады. Өйткені, басқа нәпақа табар жер жоқ. Өне-міне дегенше ұлдары да ер жетіп, әкесіне қолғабыс етуге жарайды. Тұңғыш ұлы Ерназар келіп, байға жалшылыққа тұрып, қойын бағады. Қойларды қанша шөбі шүйгін жерге жайса да, байдың есігіне жақындағанда болды маңырап қоя береді. Соны көре сала байдың адамдары баланы аямайды. Кейде тамақ бермейді.

— Неге қойды шөбі қалың жерге жаймайсың? Мал аш, - деп діңкілдейді. Байдың қомағайлылығынан ба, бір жыл қатты қуаңшылық болып, егін күйіп, мал қырылады. Кедейлерге тіпті қиын болады.

Ерназар болса, оңды-солды танитын жасқа жетеді. Ойынан мына кедейлерге қайтсем жақсы өмір сүруді үйретемін. Қашан біз тойып тамақ ішеміз. Байдың әділетсіздігінен қашан құтыламыз деген қиялмен алдына малды салып, ауылдан тіпті ұзап кетіпті. Қойлар да шүйгін шөпке тойған соң, үйіріліп тұра қалыпты. Суат іздеп, жан-жағына қараған бозбала әрлі-берлі жүреді. Аз жүрді ме, көп жүрді ме, алдынан мөлдіреп жатқан өзенді көрді. Қуаңғанынан өзенге қойып кетті. Салқын су жанын сергітті. Жағаға шығып, көкмайса шөпке шалқасынан жатып, зеңгір көкке қарады. Ақ бұлттар

арасынан болашақты көргендей әсер алып, тілмен айтып жеткізгісіз күйге бөленді. Дереу малды айдап, үйіне жетті де, көргенін ата-анасына айтты.

— Қой, балам, мұның әншейін елес қой, - деді де қойды. Ерназар болса, әлгі елесті қалай жүзеге асырамын деп ойлаумен болды. Ақыры байға келіп, ұсынысын айтады.

— Өй, сен, кедейлерге жұмақ орнатайын дедің бе? - деп мырс етеді. Бала табандылығынан қайтпайды. Оған жасыл желектер елестеді. Ағаштар, мал жайып жүргендегі шүйгін шөптерге ұқсамайтын жасыл алаң, дала гүлдерінің алуан түрлі бояуы. Зәулім ғимараттар. Ішінен бұлар өте биік екен, терезесі де көрінбейді, мұнда адамдар тұруына бола ма? Әрлі-берлі арбалы аттарда дамыл жоқ. Күнде осы елеспен өзі де болашақты құрғысы келді. Қалай құрады? Күнде мал бағып жүргенше, бір нәрсе ойластыру керек. Не ойластырады? Елесті қайта көз алдына келтірейін десе, анда-санда көз алдына әртүрлі бейнелер болып, бірі-екіншісін қайталамайды. Көзін жұмып, аспанға қараған күйі ұзақ жата бергісі келеді, оған мұрша бар ма? Малды жаю керек. Елесін ұстап алып, енді көзін ашқанда кемпіркосақ тәрізді алыстап барып жоқ болады. Бірде малды жайған күй ұзап, тау ортасына жақындап қалыпты бір қараса, артына қарап еді ауыл мүлде көрінбейді. Ауыл дегені байдың биік дуалмен қоршалған ат шаптырым аймақты сабан кірпішпен қоршаған үйі, соның жайылымы мен шөкімдей қараша кедейдің үйлері. Солай болса да, балалардың шат күлкісі сыңғырлап, көктегі құстардың әуеніне ұласып жатады.

Тау баурайының шөбінің құнарлығы сондай, қойлар сәл ғана жайылып күйісін қайырып жата қалғаны. Басқа кезде жайылып үлгермей жатып, бастарын жерге қаратып су іздеп, жан-жаққа жайылып кететін. Соны пайдаланып, тау басына шығып көргісі келді. Шыңы тура алдында тұрған сияқты, ортаң белге келгенде, бір дауыстар естіді. Шошып кетті. Бала кезде әжесі ертегі айтып, дию-перілер, жын-шайтандар туралы айтатын. Онда да басты кейіпкер бала. Солар ма деп әуелде артына қарай жүгіріп емес, домалап кеткісі келді. Содан қой, неде болса күтейін деп аялдады. Биікке қарай тағы да көтерілді. Өзін ешкім байқап қоймасын деп, жер бауырлап басын көтермей тың тыңдады. У-шу! Өзіне бейтаныс гүрілдер.

— Әжем айтқан ертегідегі жын-перілер мені алып

кетсе, қойға кім ие болады? Оны да жын-перілер жеп қойса, бай ата-анасын бауырларымен қосып жаза тартады ғой. Менде не деген ес жоқ. Нем бар еді мұнда көтеріліп, тып-тыныш малымды қайырып кетпей, - деп саққұлаққа ұқсап құлағымен тың тыңдады. Жастық жігері мұны жерден жұлып алып, басын көтертті. Қараса, өз көзіне өзі сенбеді. Өзіндей адамдар көз ілеспес алыста қала салып жатқанын байқады. Ауылда көрмеген көрмеген нәрселер қимылдап, сол жырақтағы адамдар мен гүрілдегендердің дауысы соншама қашыққа жетіп жатқаны өзін әбден қызықтырды. Малын байға айтып, інілері мен әкесіне тапсырып, өзі сол жаққа барып бәрін жақыннан өз көзімен көргісі келді.

Бай да қу ғой, сұранып еді, не үшін деген сияқты сылтауларын айтып жібермеді және малды алысқа ұзамай жаюын тапсырды. Соған қарамастан Ерназар елеспен ауырды. Бірде аспанда ұшып жүреді, ұшқыш кілем туралы ертегіні әжесі көп айтатын. Астымда кілем бар ма деп көзін ашып жібергенде, елес ғайып болады. Енді бірде теңіздің у шеті мен бу шетіне бала кездегі ағаш атпен су бетін жосып өтеді. Осындай елестер жанына маза бермей бір жаз, күз, қыс өтеді. Ата-анасының батасы мен рұқсатын алып, көктемде байдан да сұранбай, малын әкесі мен бауырларына табыстап, торсыққа айран құйып жанына байлап, таба наны мен құртты алып, тау беткейінде шаһарға жол тартты. Бұның ауылдан кеткені үлкен шуға ұласты. Қанша күн жүргенін санамады, түндетіліп, шам жанған жерге жақындады. Шам түндегі жұлдыздың көшірмесі секілді. Өзін біреу байқап қалмады ма екен деген сақтықпен келген жеріне жата қалды. Таңды аман атырса, шам жанған жерді көрмекші.

— Астапыралла, шошынғаны соншалық тілі басқа сөзге келмеді. Адам сияқты біреу көзіне шам тіктеп ұстап тұр. Екіншісінің иығындағы мылтықты көргенде «Біткен жерім осы» деді де өтірік құлап қалды. Қыста мал жайғанда, білте мылтық алып жүретін, соған ұқсатты.

Өздері бірнеше адам ба? Ақырын сөйлейді екен. Бірінің сөзін екінші қалай естиді деп өтірік талып жатып ойлап үлгерді. Бұны орнынан тұрғызып, сөйлеп жатыр. Сөздерін түсінбеді. Жан сауғалағаннан басқа амалы жоқ. Орнынан тұрғызған жігіттердің тілін ұқпаса да, сөздерінен жайлылықты сезді. Ұрып-соғатын әрекеті байқалмады. Ішінен тәуба десе де, былқ-сылқ етіп екі адамның жетегінде келеді. Жарық жерге кіргенінде көзін сығырайтып ашып, көрді, мұнымды байқап қалмасын деп тез жұма қойды көзін. Өзін жатқызып, мұрнына бірнәрсе иіскетті, бұрын мұндай иіс таңсық орнынан ұшып тұрды, жанындағылар ду күліп, бас бармағын көрсетті. Тамақтандырып, ақ киімді біреу келіп, жүрегін,

арқасын қарап өтті. Таң атқанда қазақ тілінде сөйлейтін біреу жай-жапсырды түсіндіріп, мұнда жастарды жұмысқа қабылдайтынын, жақсы жұмыс істегендерге жағдай жасайтынын, ақша беретінін тізіп шықты. Жын-пері деп шошып жүргені адамдар болып шықты.

Барамын да көріп, қайтып келемін деген жігіт кері келмей айлап жоғалып кетті. Ата-ана мен бауырлары шарасыз қалды. Іздейтіні ауылдың айналасы, жаз жайлау мен қыс қыстауы. Жылап-сықтап ит-құсқа жем болды, ең болмаса сүйегін тауып, көме алмадық қой деп ішқұса болып жүргенде, сау етіп төрт доңғалақты өзі жүретін арбамен келіп қалғаны. Жаңа ғасыр құрып жатқан ел жастарымен бірге жұмыс істеген Ерназар көп нәрсені үйренді, әсіресе құрылыс саласын әбден меңгерді. Енді жұмыстан шығып, ауылына бет алды. Үйренген-білгенін туған ауылын көркейтпекке жұмсамақ.

Келе ата-анасы, бауырларымен қауышып, үйренгенін айтып, байға \барып ұсыныс айтпақ екенімен бөлісті. Келіп, ойларын байдың алдында дәлелдеп көрсетті. Деседе, бай жас жігіттің өзінен асып айтқан ұсыныстарына қызғанышпен қарап, жақтырмады. Алайда, ойлана келе ауылын көркейту, жаңа қадам жасамаса, күні ертең ауылын басқарушылықтан түсіп қалатынын ойлап, амалсыз Ерназармен араға уақыт салып келісті. Іштей Ерназардың қайсарлығына тәнті болды. Ауылдан ұзап, күн көріс қамымен кеткен жас жалғыз Ерназар емес. Бұл бала шаһардағы табысты жұмысын тастап, туған ауылының болашағы үшін тәуекелге бел байлап, өзіне батыл ұсыныс жасады. Өйткені, қанша жыл ел басқарса да, жанында жүрген көмекшілерінің бірінен мұндай ұсыныс естімеп еді. Ойлана-ойлана бай Ерназардың айтқандарын орындаса бұдан бетер байитынына, халқының қолдауына ие болатынына көзі жетеді де, баланы шақырып:

— Ұсынысыңды неден бастайсың?-дейді. Бала да қулау екен.

— Байеке, әуелі егін егетін жерді ұлғайтайық. Бос жатқан жерге жеміс ағаштарын егейік. Бау-бақша өсірейік. Алған өнімді көрші ауылға апарып, сатайық. Үй соғайық. Мектеп ашып, бала оқытайық. Сонда байеке, сіздің атақ-даңқыңыз жер жарады,-дейді. Бай бұған келіседі.

Осылайша, Ерназардың туған жеріне деген жанашырлығы, тапқырлығы мен еңбекқорлығы, батылдығы арқасында адамдары кедейліктен құтылып, аузы аққа жариды. Бүтін киім киіп, бала-шаға білім алады. Шын мәнінде сараң байдың даңқы шарлап кетеді.

Бұл – болашаққа жол салып берген Ерназардың есімі ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беріпті.

Ж.КУЧУКОВА

Кемпіркөсақтың суреті: www.kid.re

Қазақ тілі - болашақтың тілі



Қазақ халқының тарихы бай әрі терең болса, болашағы да сондай болмақ...

Қазақ тілі мәселесі — Қазақстандағы ірі мәселелердің бірі екені рас. Елімізде тіл жайлы даулар әлі де өзекті. Бірақ, бұл Қазақстандағы қалыптасқан анық «Қазақ тілінің дамуы» деп бұл тілді үйреніп жатқан адам санының артуына байланысты айтудамыз. Егер бірнеше жыл бұрын қазақ тілінде көбінесе қазақтар мен қазақстандықтар сөйлесе, қазір жағдай мүлдем өзгеше көрініс тапты. Себебі, қазақ тілінің үйренуге тенденция бар және бұл тіпті сәнге де айналды. Ендеше, оған әсер еткен мәдени факторларға тоқталайық.

Біріншіден, қазақ көрерменіне арналған сапалы контент жасала бастады.

Әсіресе, қазақ комедиясы бұл тұста үлкен еңбек атқарып жатқанын атап айту керек. Осыдан он жыл бұрын халық шетелдік киноларды таңдаса, қазір қазақ фильмдері өте жақсы сұранысқа ие. Мәселен, 74 отандық фильм 2023 жылы түсірілген. Бұл фильмдердің арасында сапалы, кейде сапасыз фильм болуы мүмкін. Десек те, нарық бар, яғни отандық фильмге сұраныс бар.

Екіншіден, қазақ музыкасы қазір заманға сай өзгеріске енді. Тек той әндері шығарылмай, әр түрлі жанрда әндер жарық көруде. Құлақтан кіріп, бойды алар әсем әндер халық жүрегіне жетіп, ел ауызында жүргені рас. Кей әндер әлемді тербеп те жатыр. Мысалы, Adam лақап атымен белгілі Фаррух Тохтамуратовтың «Жүрек» әні әлемге танылып, әр түрлі елден 4

миллион видео тик ток желісінде түсірілді. Ал, Д.Құдайбергелді тыңдайтын өзге ұлт өкілдері қазақ тілінің үйреніп, Абай атамyzдың өлеңдерін де оқығанын көрдік. Бұл тілге деген махаббатты үнмен оятуға болатынының көрінісі.

Үшінші қазақ тілін дәріптеп жатқан алаң — әлеуметтік желілер. Тикток, инстаграм желілерінде қазақ тілді блогерлер өте көп және олар көрерменге де әсер етеді. Бірақ, you tube арналарындағы түсіріліп жатқан контент әлдеқайда сапалы сияқты. Әр түрлі тақырып жайлы, қызықты форматта ақпарат тыңдау, пайдалы контент қазақ тілінде аз еді, қазір керісінше керемет подкасттар шығып жатыр. Бұл, ең бастысы, халықтың көзайымына айналып отыр.

Жалпы, осындай мәдени саладағы еңбектер тілдің дамуын қамтамасыз етіп жатыр. Қазақ тілі көп салаға еніп, тамырын терең жаюда. Не де болса, бұл халықтың, әсіресе жастардың сұранысына ие. Жастар болашақтың кірпіші болғандықтан, алда қазақ тілінің жолы жарық, ұзақ әрі кең боларына сенімдіміз. Қазақ тілі болшақтың тілі боларына еш күмәніміз жоқ.



БАРАТ Гаухар,
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы
«10 ЖББМ» КММ түлегі,
Республикалық «Farabi shakirti» журналы
мен www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының Жас тілшісі.

Кураторы: **ЕСЕНҚАБЫЛ Ақбота**

Дереккөзі: <https://ru.sputnik.kz>; dimash-abay-challenge; Cypet: <https://tilalemi.kz/>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ДӘСТҮРГЕ ҚАУІП ТӨНДІРЕ МЕ?

Жаһандану — бұл әлемнің әртүрлі елдері мен халықтары арасындағы шекаралардың жойылып, байланыстардың күшеюінің негізі. Ол тек экономикаға ғана емес, сонымен қатар мәдениетке, ұлттық дәстүрлерге және құндылықтарға да айтарлықтай әсер етеді. Бүгінгі таңда жаһанданудың артықшылықтары мен кемшіліктері арасында тепе-теңдік сақталып, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Сіз қалай ойлайсыз жаһанданудың әсері ұлттық құндылықтарымызға, дәстүрімізге әсер етеді ме?

Менің ойымша қазіргі таңда жаһандану процесі әлемдегі

ұлттық мәдениетке қызығушылық азаюда. Тіпті қазақ тілін ұят санайтындардың да саны басым. Әлеуметтік зерттеулер бойынша, қалалық жастар арасында 50 пайызға жуық адам қазақ тілін үйренуге немесе қолдануға ұялатынын мойындаған. Бұл әсіресе, мегаполистерде, Алматы және Астана сынды қалаларда байқалады.

ЖАҢАНДАНУДЫҢ ОҢ ӘСЕРІ

Әрине, жаһандану тек теріс әсерін ғана тигізбейді. Ол сондай-ақ ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің жаңа қырларын аша алады. Мысалы, қазақ халқының дәстүрлі киімдері мен асханасын әлемге таныту үшін жаһандық медианы, әлеуметтік желілерді қолдану тиімді болып отыр. Қазіргі таңда қазақтардың ұлттық киімдері мен тағамдары тек Қазақстанда ғана емес, басқа да елдерде үлкен қызығушылық тудырып, әлемдік нарыққа шығуға мүмкіндіктер ашып отыр. Жаһандану ұлттық құндылықтарды әлемдік деңгейде насихаттауға да жол ашады. Осыған орай, «Қазақстанның мәдени мұрасы» сияқты жобалар бар. Ол арқылы қазақ халқының өнері мен дәстүрлері бүкіл әлемге таныстырылуда. Бұл жағдай ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттырып, оны сақтауға, дамытуға ықпал етеді. Ендігі кезде бұл мәселені қолға алып, Қазақстанда еліміздің Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жүзеге асырылған жобалар мен шаралар арқылы ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты арттыруға бағытталған жұмыстардың саны жылдан-жылға артып келеді. Мысалы, 2019 жылдан бастап мәдениет және спорт министрлігі ұлттық киімдер мен аспаздық дәстүрлерді кеңінен насихаттауды қолға алды.

Қорыта келе, жаһандану қоғамға көп өзгеріс алып келгенімен, ұлттық құндылықтар мен мәдениетке оң әсерімен бірге теріс әсері де қатар жүреді. Бір жағынан ұлттық мәдениетке қауіп туғызуы мүмкін болса, екінші жағынан ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, әлемге үлкен жол ашады. Сондықтан қазақ халқының атын асқақтатып шығару үшін салт-дәстүрімізді жаңғыртып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауымыз керек. Бұл тұрғыда жастарымызды ұлттық құндылықтарды сақтауға баулығанымыз жөн. Жалпы айтқанда, жаһандану мен ұлттық құндылықтарды, дәстүрді теңестіру — өзекті де өткір мәселе. Әрбір ұлт өз мәдениетін, дәстүрін сақтай отырып, алға жылжып, дамуы керек.

САҒЫНДЫҚ Аяжан,

**Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
«№8 Өтеген батыр» атындағы орта
мектебінің түлегі.**

Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі.

**Жетекшісі: КАСЕНОВА Айгүл Жантүгеловна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Сурет: <https://digitaletiquette.kz/news/89>**



көптеген елдердің мәдениетін, тұрмысын және салт-дәстүрін өзгертуде. Әсіресе, жастар арасында жаһандық мәдениеттің ықпалы басым болуда. Әлеуметтік желі, интернет, шетелдік телеарналар, кино мен музыка біртіндеп ұлттық мәдениеттерді басып барады. Осыған байланысты ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі күннен-күнге маңызды болып келеді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ЖОҒАЛУЫ

Қазіргі таңда жаһандану ұлттық құндылықтардың жойылуына әкелуі мүмкін. Ғаламдық мәдениеттің әсерінен жас ұрпақ ұлттық киімдер мен тағамдарды, қазақ халқының дәстүрлерін танымайтын жағдайға жетті. Осының нәтижесінде ұлттық құндылықтарды сақтау жолында көптеген қиындықтар туындауда. Халықаралық зерттеулерге сәйкес, жаһандану әсерінен ұлттық дәстүрлерге қызығушылық жоғалған елдердің қатарында Қазақстан да бар. Қазіргі таңда 65 пайыздан астам жастар ұлттық дәстүрлерге қатыспайтындығын көрсеткен. Қазір жас жеткіншектер арасында қазақ тілін білмейтіндер қаншама... Статистикалық мәліметтер бойынша 2020 жылғы зерттеуге сәйкес, Қазақстанда халықтың тек 80 пайызы ғана қазақ тілінде сөйлейді. Ал қалған 20 пайызы негізінен қала тұрғындарының көпшілігі қазақ тілін үйрену қиын деп есептейді. Мұның себебі - орыс тілінің доминантты болуы және жаһанданудың әсері. Әсіресе, жастар арасында қазақ тілін үйрену және



TIKTOK ПЕН INSTAGRAM:

жас ұрпақтың жаңа шындығы

XXI ғасыр – ақпарат пен технологияның қарқынды дамыған дәуірі. Бұл кезеңде жастардың ақпаратты қабылдауы, ойлау жүйесі мен құндылықтары күн сайын жаңарып, өзгеріске ұшырауда. Мұндай үдерісте TikTok пен Instagram сияқты әлеуметтік желілердің рөлі орасан. Бұл платформалар жастарға тек көңіл көтеру құралы ғана емес, олардың сана-сезімі мен дүниетанымына тікелей әсер ететін ықпалды құралға айналды.

АҚПАРАТТЫҚ АҒЫН МЕН ЗЕЙІН ШОҒЫРЛАНУЫ

TikTok-тың қысқа видеолары – ақпаратты жылдам жеткізудің жаңа форматы. Алайда бұл форматтың кері әсері ретінде жастар арасында зейіннің тұрақсыздығы мен терең ойлану дағдысының әлсіреуі байқалады.

Калифорния университетінің профессоры Глория Марктың зерттеуіне сәйкес, адамның экранға назар аударатын орташа уақыты:

- 2004 жылы – 2 минут 30 секунд болған,
- 2012 жылы – 75 секундқа қысқарған,
- 2018 жылы – 47 секундқа дейін азайған.

Профессор Марк бұл үрдістің қоғам үшін елеулі қауіп екенін айтып, адамдардың терең ойлауға қабілеті төмендеп бара жатқанын ескерткен.

Сондай-ақ, Массачусетс технологиялық институтының нейробиологы Эрл Миллер 2022 жылы қазіргі заманғы ақпараттық тасқын мен технологиялық аландаушылықты «когнитивті құлдыраудың мінсіз дауылы» деп сипаттады. Бұл – миымыздың үнемі аландататын, үздіксіз жаңарған ақпаратқа бейімделіп, зейін мен есте сақтау қабілетінің әлсіреуіне әкелетін құбылысы.

САЛЫСТЫРУ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ

Instagram – визуалды бейне мен сәндік образдардың алаңы. Көптеген жастар бұл желіде тек мінсіз сәттер мен жетістіктерді көріп, өзін басқалармен салыстырып, өзін төмен бағалай бастайды. Meta (Facebook) компаниясының 2021 жылғы ішкі есебінде Instagram-ды жиі қолданатын жасөспірім қыздардың 32 пайызы өз келбетіне көңілі толмайтынын және бұл сезімнің Instagram-мен тікелей байланысты екенін айтқан. Мұндай қысым жастарда өз-өзіне сенімсіздік, уайымшылдық сияқты мәселелерге себеп болуы мүмкін.

ЖАСАНДЫ БЕЙНЕЛЕР МЕН ТҮЛҒАЛЫҚ ДАҒДАРЫС

TikTok-тағы трендтер, фильтрлер мен челленджер жастарды бір қалыпқа салуға тырысады. Бұл олардың шынайы болмысы мен даралығын жоғалту қаупін тудырады. Мамандар бұл құбылысты “цифрлық тұлғалық дағдарыс” деп атайды. Жасөспірім өзінің кім екенін емес, желідегі бейнеге ұқсауға тырысып, тұлғалық дамуына кедергі келтіреді.

ОҢ ЫҚПАЛЫ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ БІЛІМ ТАРАТУ АЛАҢЫ

TikTok пен Instagram – қазіргі жастардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналған платформалар. Олардың әсері

тек теріс емес, кейбір жағдайда оң ықпал да тигізіп отыр. Біріншіден, бұл желілер жастардың білімін толықтырып, өздерін дамытуына мүмкіндік береді. Мысалы, TikTok-та ҰБТ-ға дайындық, шет тілдерін үйрену, заң, қаржылық сауаттылық туралы қысқа, бірақ мазмұнды видеолар көптеп тарайды. Instagram-да да ұстаздар мен сарапшылар түрлі пайдалы кеңестер ұсынып, жастардың уақытын тиімді пайдалануға көмектесіп жүр.

Екіншіден, бұл платформалар шығармашылықты оятуға үлкен әсер етеді. Жастар ән айтып, би билеп, видео түсіріп, сурет салып, өз өнерлерін жариялау арқылы креативті қабілеттерін дамытады. Контент жасау барысында олар фото-видео өңдеу, мәтін жазу, монтаж жасау сияқты пайдалы техникалық дағдыларды да меңгереді.

Үшіншіден, TikTok пен Instagram – кәсіпке де жол ашатын алаң. Көптеген жастар әлеуметтік желі арқылы өз бизнесін бастап, жарнама жасап, қосымша табыс табуда. Мысалы, қолөнер бұйымдары, онлайн курстар немесе киім-кешек сатумен айналысатын жастар осы платформалар арқылы тұтынушылармен тікелей байланыс орната алады. Сонымен қатар, бұл желілер арқылы жастар әлеуметтік мәселелерге назар аударып, белсенді азаматқа айналуға. Экология, денсаулық, білім, жастар құқығы сынды тақырыптар кең таралып, қоғамдық пікір қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Сонымен бірге, табысқа жеткен адамдардың мотивациялық оқиғалары мен өмірлік тәжірибелері жастарды шабыттандырып, алға ұмтылуға жетелейді. Демек, TikTok пен Instagram – дұрыс пайдаланылған жағдайда жастардың таным көкжиегін кеңейтетін, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын пайдалы құрал.

Қорытындылай келе, TikTok пен Instagram – қазіргі жастардың күнделікті өмірінің бөлінбес бөлігіне айналған әлеуметтік құбылыс. Олар жастардың санасына теріс те, оң да әсер етеді. Теріс әсерінен сақтану үшін медиасауаттылықты арттыру, ата-ана мен мұғалімдердің бақылауы, сондай-ақ саналы қолдану дағдыларын дамыту қажет. Ал оң мүмкіндіктерін тиімді пайдалану – шығармашыл, білімді және белсенді ұрпақ қалыптастырудың жолы.

АЛИЗАХ Ақниет,

Қарағанды қаласы, №59 ЖББМ түлегі.


Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының Жас тілшісі.

Жетекшісі: САҒЫНДЫҚОВА Салтанат Санекеевна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ВОЛОНТЕРЛІК МӘДЕНИЕТ: ӘЛЕМДЕ ҚАЛАЙ ДАМЫП ЖАТЫР?

**ТОҚАЕВ Қасым-Жомарт Кемелұлы,
Қазақстан Республикасының Президенті:**

«Еріктілер өнегелі істері арқылы қоғамды дамытуға зор үлес қосады. Жанашырлық – қазақтың қанында бар қасиет. Халқымыз қиындыққа тап болған адамдардан көмегін аямаған. Ел басына күн туған қиын-қыстау сәтте «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» білген. Қазақстанға жер аударылған талай этнос өкілдерін бауырына басып, барын бөліскен. Сондықтан бүгінгі жиынның мақсаты халқымыздың болмысымен үндес екені сөзсіз».



Волонтерлік қызмет - жеке тұлғаның өз еркімен, өтеусіз түрде қоғамға пайда әкелу мақсатында атқаратын ісі. Бұл қызмет түрі әлеуметтік жауапкершілікке, адамгершілікке, сондай-ақ еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Волонтерлік қызмет – қоғамның ынтымағы мен бірлігінің негізін қалайды.

Волонтерлік қызметтің қоғамдағы рөлі. Қиын-қыстау кезеңдерде немесе табиғи апат салдарынан бұзылған орындарды қалпына келуіне септігін тигізеді. Ол адамзаттың әлеуметтік дамуына ықпал етіп, қоғамдағы моральдық деңгейдің жоғарылауына жағдай жасайды. Сонымен қатар, волонтерліктің экономикадағы рөлі мен маңызы да зор. Мемлекеттің және жеке секторлардың қолдауымен, ерікті жобалар әртүрлі экономикалық салаларға әсер етеді.

Мысалы, әлеуметтік өмірдегі рөлі ерекше. Волонтерлік қызмет әлеуметтік байланыстарды нығайтады, тұлғаның жауапкершілігін арттырады. Еріктілер қоғамға көмектесу арқылы өзінің жаңа қырларын ашып, дамыта алады. Сондай-ақ әлеуметтік қарым-қатынасы жетіледі.

Волонтерлік мәдениет әлемде әр елдің мәдени ерекшеліктеріне байланысты түрліше дамып келеді. Мысалы, АҚШ-та еріктілік қызметі кеңінен дамыған және қоғамда белсенді түрде қолданылады; бұл елде жергілікті ұйымдар мен үкімет волонтерлікті жан-жақты қолдап, тиісті жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асырады. Еуропа елдерінде, атап айтқанда Германия, Франция және Ұлыбританияда да волонтерлік мәдениет маңызды рөл атқарады: Германияда еріктілерге заңнамалық тұрғыда қолдау көрсетілсе, Ұлыбританияда арнайы бағдарламалар мен жобалар арқылы волонтерлік қызметті дамытуға баса назар аударылады.

Мемлекеттік саясаттар мен бағдарламалар. Әлемнің жетекші елдерінде волонтерлік қызметті қолдауға арналған түрлі мемлекеттік саясаттар мен бағдарламалар бар. Мысалы, Германия волонтерлерге арнайы салықтық жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдер беріледі. Ал, Канада мен Ұлыбританияда түрлі волонтерлік агенттіктер мен платформалар жұмыс істейді. Волонтерлік қызметтің түрлі салалары бар. Атап айтсам, әлеуметтік жобалар, табиғатты қорғау, білім беру. 2024 жылғы мәлімет бойынша 275 мың волонтер тіркелген, оның ішінде 43 пайызы 29 жасқа дейінгі жастар. Жастардың көбі әлеуметтік волонтер қызметіне қызығушылық танытқан. Волонтерлік қызметтің қоғамға әсері зор. Ол әлеуметтік теңсіздікті, экономикалық

тұрақтылықты қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Қазақстандағы волонтерлік қызмет. Елімізде соңғы жылдары еріктілер жұмысының сұранысы артып келеді. Әлеуметті жобалар мен қайырымдылық акциялары ұйымдастырылады. Бұл процесс мемлекет пен қоғамдық ұйымдардың қолдауымен жаңа қарқын алуда. «Жастар жылы» аясында волонтерлік қызметтер, шаралар жүзеге асырылды.

Қорыта келе, волонтерлік мәдениеттің болашағы өте зор. Әлемдегі әрбір елде бұл саланың маңызы жыл сайын артып келеді, әсіресе табиғи апаттар мен әлеуметтік дағдарыс кезінде. Волонтерлік қызмет тек қайырымдылық мақсаттарын ғана емес, қоғамдағы жауапкершілікті, ынтымақтастықты және даму перспективаларын да қамтиды. Волонтерлікке деген көзқарас қоғамдағы орнына қарай өзгеріп отырады. Қоғамда оның маңызы мен қажеттілігі артып келе жатқанын көруге болады. Волонтерлік мәдениет әлем бойынша дамып, адамдардың бір-біріне көмек көрсетуге, қоғамның дамуына және жақсаруына үлес қосуға мүмкіндік береді.

**ӘЛІМ Кәусар,
Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай селосы,
Құрман орта мектебінің түлегі,
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының
Жас тілшісі
Жетекшісі: МЕДИНАЕВА Гүлна Максотовна,
Сурет: <https://mangystauzhastary.kz/>**



ҰБТ: Үмітті үкілеп, күдікті сейілтуге ҰМТЫЛАМЫЗ

Ұлттық бірыңғай тестілеу - еліміздегі әрбір мектеп бітірген түлектердің үлкен өмірге қадам басатын шағындағы жауапты сәттің бірі. Жүздеген, мыңдаған түлектер ҰБТ сынағынан сүрінбей өтіп, қалаған мамандығы бойынша жоғары оқу орындарына түсуге ұмтылады. Жыл өткен сайын ҰБТ форматына өзгерістер енгізіліп, жүйе жаңарып келеді. Дегенмен, сол жаңалықтар мектеп бітірушілердің оқуға түсу мүмкіндіктерін шын мәнінде жақсартты ма? Әлде, керісінше, психологиялық қысымды одан сайын үдете түсті ме?

Соңғы жылдары ҰБТ-ның техникалық құрылымы біршама жетілдірілді. Ең алдымен, оқушылардың бір емес, бірнеше рет тест тапсыру мүмкіндігі пайда болды. Бұл бұрынғы «бір мүмкіндік» қағидатын жеңілдетіп, оқуға түсемін деген түлектердің жолын ашып берді. Сонымен қатар, бейінді пәндерді таңдау еркі мен онлайн дайындық платформалары, ашық сұрақ базасы — білім алуға жол ашатын оң өзгерістер екені даусыз. Электронды тестілеу әдісі әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етіп, бұрынғыдай парақорлық пен бұрмалаушылықты азайтты. Бір қарағанда — бұл жүйенің прогреске бет алғанын білдіреді.

Алайда, ҰБТ техникалық жағынан жетіле түскенімен, оқушының жан әлеміне, ішкі хал-күйіне толықтай жағымды әсері әл-әзір байқалмайды. Көптеген түлектер ҰБТ-ны өміріндегі жалғыз мүмкіндік деп қабылдайды. «Жоғары балл алмасам – болашағым жоқ» деген түсінік санаға терең сіңген. Бұл — аса қауіпті үрдіс. Соның салдарынан жыл сайын ҰБТ тапсырған кезде сынақтан өте алмай, өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенетін жастар кездеседі. Мұның өзі – дайындық тек білім емес, психологиялық тұрғыдан да өте ауыр жүк екенін дәлелдейді. Демек оқушылар ҰБТ-ға қуанышпен емес, қорқынышпен дайындалады. Әлеуметтік желілердегі өзгелердің нәтижесін көру, репетиторсыз қалу, ата-анасының артқан үміті – осылардың бәрі баланың жүрегіне салмақ салып, жүйкесіне жағымсыз жағынан әсер етеді. Бұл орайда психолог-мамандар ҰБТ кезінде оқушылардың көптеген психологиялық қиындықтарға тап болатынын айтады. «ҰБТ тапсыру кезінде оқушылар көптеген психологиялық қиындықтарға тап болады. Мәселен, тесті тапсырар алдындағы стресс, күйзеліс, қорқыныш сияқты сезімдер адамның денсаулығына кері әсерін тигізеді. Көп оқушыларда сенімсіздік басым болады, өзінің білім деңгейіне күмәнданып, басқалармен салыстырады. Түптеп келгенде осы сезім оқушының алға жылжуына кедергі келтіреді.

Сонымен қатар, адамның физикалық жай-күйі де әсер етеді: әр балада ұйқының бұзылуы, бас ауруы, жүрек соғысының бұзылуы сияқты психосоматикалық белгілер байқалуы мүмкін. Ал ата-аналар мен мұғалімдерінің жақсы балл жина, үмітімізді ақта деген тұрғыдағы қатқыл сөздері, қоятын талаптары оқушыларға белгілі бір дәрежедегі психологиялық қысымға әкеледі», - дейді №59 ЖББМ-ның психологы Қарақат Жасұланқызы. Ақырында педагогикалық колледжге грантқа мәжбүрлі түрде оқуға түсті. «Қазір мен өкінемін» дейді ол. Сондықтан дайындықты 8-9 - сыныптан

бастау маңызды. Бұл кезеңде оқушының іргелі білім қоры қаланып, тест құрылымына бейімделуі жеңілдейді. Ерте дайындық оқушыны білімді ғана емес, психологиялық тұрғыдан да шыңдайды, ал 11-сыныпта тек қайталау мен нақтылау жұмыстары жүргізіліп, нәтижеге сенімді жетуге мүмкіндік береді.

Білім берудің түпкі мақсаты – тұлға тәрбиелеу. Алайда қазіргі оқушы тест сұрақтарын жаттауға мәжбүр, алтерек білім, оны санағы сіңіру екінші орынға ысырылған. Мысалға, қазақ әдебиеті пәнін алып қарасақ, «Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романында Демежанға Абай туралы алғаш айтып берген, орыс консулының тілмашының есімі», «Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаятында стражник айдауындағы Әбдірахманның арбадан қарғып түсіп қашқан адамы», «Керкұла атты Кендебай» ертегісінде құлынды іздеген Кендебайдың жолында кездескен кедергінің бірі» деген сияқты жаттауға негізделген сұрақтар өте көп қойылады. Бұл түлектердің аналитикалық ойлау қабілетін шектейді.

Яғни, кімнің жаттау қабілеті мықты – сол жоғары балл алады деген түсінік қалыптасқан. Осы секілді сұрақтардың орнына, оқушыға логиканы дамытатын, интеллектуалды деңгейді арттыратын сұрақтар ұсынушы едім. Мысалы: «Қараш-Қараш» оқиғасындағы Бақтығұлдың әрекетінің астарында қандай моральдық ой жатыр?», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым өлеңінің эмоционалдық реңкі қандай?», «Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларындағы ұлт тағдырына алаңдаушылық қандай тарихи жағдаймен байланысты?». Осындай сұрақтар оқушыны тек жаттауға емес, мәтінді түсінуге, әдеби тұрғыдан ой жүгіртуге, тарихи-мәдени байланыс орнатуға бағыттайды. Сондықтан ҰБТ баланың шынайы қабілетін тексеретін құрал емес.

Сөз соңында айтарым, ҰБТ жүйесі сырт көзге жетілдірілгендей көрінгенімен, түлектің ішкі жан-дүниесіне оң әсер етіп отыр деп кесіп айту қиын. Қазіргі таңда оқушылар тестке емес, өмірге дайындалуы тиіс. ҰБТ – мақсат емес, тек білім әлеміне барар жолдағы бір өткел. Білім – баллмен ғана емес, баланың болмысымен өлшенетін құндылық екенін ұмытпауымыз керек.

АЛИЗАХ Ақниет,

Қарағанды қаласы, №59 ЖББМ түлегі.

**Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен
www.farabishakirti.kz желілік басылым сайтының**

Жас тілшісі.

**Жетекшісі: САҒЫНДЫҚОВА Салтанат, қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Павлодар облысының білім басқармасы

<https://www.gov.kz>



Ұлы Отан соғысы – Қазақстан тарихындағы ең ауыр әрі маңызды кезеңдердің бірі. 1941 жылы 22 маусымнан басталып, 1945 жылға дейінгі шайқастар миллиондаған адамдардың өмірін жалмап, бүкіл әлемнің тағдырын өзгертті. Бұл соғыста Мәскеу, Ленинград, Сталинградты қорғады. Алайда қазақ жері де шет қалған жоқ. Міне биыл Ұлы Жеңісімізге 80 жыл толып отыр. Жеңіс күні тек біздің ел ғана емес, барша әлем үшін маңызды оқиға болып саналады.

Қазақстандықтар үшін Ұлы Жеңіс күні – бұл батырлықтың, ерліктің, туған жерге деген адалдықтың, қайсарлық пен жанкештіліктің белгісі. Қазақстан соғысқа өз еріктерімен аттанып, қаншама боздақтарымыз қасық қанын төгіп, Отан үшін күрескен.

Қазақстаннан барлығы 1 миллион 200 мыңнан астам адам әскер қатарына шақырылды. Олардың 600 мыңы қайта оралмады. Туған жері үшін жанын қиған батырларымыздың есімдері ешқашан ұмытылмайды. Олардың қатарында Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Бауыржан Момышұлы сынды аға-әпкелерімізді білеміз. Бұл ерліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, жас ұрпақты патриоттыққа тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Қазіргі таңда еліміздегі барлық облыстар мен аудандарда Жеңіс күніне орай түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Осы іс-шаралардың басты мақсаты – Жеңістің құндылықтарын және соғыстағы ерліктерді дәріптеу, аяқсақан жауынгерлерді еске алу. Соғыста ерлік көрсеткен ардагерлеріміз қаншама?..

Жеңістің 80 жылдығына жетіп отырғанымыз дәл сол ардагерлеріміздің еңбегі. Ардагерлер – еліміздің мақтанышы, батырларымыздың тірі куәгерлері. Олар бізге бейбітшілік, тыныштық және ерлік ұғымдарын дәріптейді. Олардың ерліктері тек тарих беттерінде емес, біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Жастарға ерлік пен патриотизмді көрсету үшін, олардың батырлықтары мен өмір жолдары әрдайым үлгі болып қалады.

*2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстанда 83 048 ардагер болған. Олар: Ұлы Отан соғысының 111 ардагері; жеңілдіктер бойынша ҰОС ардагерлеріне теңестірілген 16 796 ардагер; 26 553 басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарының ардагерлері; 39 588 ҰОС жылдарындағы тыл еңбеккерлері. (<https://sputnik.kz>)

СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚОЛДАУЫ

Қазақстанның бірқатар облыстарында ардагерлерге деген қамқорлық көрсетілуде. Мысалы, Алматы қаласында ардагерлерге арнайы жәрдемақы беріледі, сондай-ақ, соғысқа қатысушылардың денсаулығын қорғау мақсатында арнайы медициналық қызметтер ұйымдастырылады. 2021 жылы соғыс ардагерлері мен олардың отбасыларына әртүрлі жеңілдіктер мен көмек көрсету үшін 10 миллиардтан астам теңге

бөлінді. Бұл қаржы соғыс ардагерлерінің өмір сүру деңгейін көтеруге, медициналық көмектер мен түрлі әлеуметтік қолдаулар көрсетуге арналған.

АРДАГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР МЕН МЕМОРИАЛДАР

Қазақстанда Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған 700-ден астам ескерткіш пен мемориал бар. Бұл ескерткіштер соғысқа қатысқан батырлардың есімдерін мәңгі есте сақтау үшін орнатылған. Жеңіс күніне орай ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Сәбитұлы былай деді:

— 9 мамыр – әрбір қазақстандық үшін қасиетті күн. Біз үшін ол тек Жеңіс күні ғана емес, ол — біздің ата-бабаларымыздың күресі мен олар жеңген әділеттіліктің символы. Жастарға осы ерлікті ұмытпауымыз керек деген ойдамын. Сол үшін біз батырларымызды еске алып, бүгінгі ұрпаққа олардың ерліктерін жеткізуіміз қажет.

Қорытындылай келе, Ұлы жеңісімізге 80 жыл толуы — тек тарихи оқиға емес, ол халқымыздың бірлігінің, елдігінің негізі. Бұл жеңіс

— біздің ата-бабаларымыздың, ардагерлеріміздің жанқиярлық күресінің нәтижесі, бізге қалдырған өшпес мұрасы. Жеңіс күні – батырларымызға бас иіп, олардың ерліктерін мәңгі еске алу үшін тағы бір мүмкіндік береді. Біз бүгінгі ұрпақ, ардагерлерімізді, ерлікпен күрескен жандарды ұмытпай, олардың ерлігін мәңгі сақтап, бейбітшілік пен татулықтың кәдірін, жеңіс бізге қалай жеткенін білуіміз керек!

САҒЫНДЫҚ Ааяжан,
Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
«№8 Өтеген батыр» атындағы орта мектебінің
түлегі,
Республикалық «Farabi shakirti» журналы мен
www.farabishakirti.kz желілік басылым
сайтының Жас тілшісі
Жетекшісі: КАСЕНОВА Айгул Жантүгеловна,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Cyper: <https://kaz.zakon.kz/>



РУХ ПЕН ДАЛА- ТАРИХТА БІРГЕ ЖАРАЛҒАН ҚОС ҰҒЫМ

Дала - қазақтың тіршілік ету кеңістігі. Ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрі осы кең даладан алып, сол жерде өркендеді. Ұлы Дала – ата-бабаларымыздың қонысы, өмірінің бастауы. Ал рух – қазақтың жан дүниесі, ұлттық санасы мен танымының көрінісі. Рухани болмыс – қазақ халқының тұрмысын, көзқарасын және өмірлік ұстанымдарды айқындайды. Көшпелі өмір салты қазақтың рухын тәрбиелеп, шыңдады қалыптастырды. Егемендік пен еркіндік – қазақ рухының өзегі. Енді, тарихтағы рух пен дала өркениетінің нәтижесінде не қалыптасты? Соны саралап көрейік.

Біріншіден, дала өркениеті – көшпелі тұрмысқа негізделген мәдени жүйе. Бұл кезеңде жазу өнерімен қатар мифологиялық таным да маңызды рөл атқарды. Мысалы, «Алтын адам» археологиялық табылымы – сол дәуірдің жарқын көрінісі. Екіншіден, той-думандар, жоқтаулар мен қонақ күт дәстүрі – қазақтың рухани әлемінің айнасы. Айталық, жаңа қонысқа көшіп келген жанға ауыл тұрғындары ерулік беріп, өзінің қонақжай пейілін танытқан. Үшіншіден, қазақтың ауыз әдебиеті қалыптасты. Эпостық жырлар мен аңыз-эпсаналар ұлттың дүниетанымын сақтап, атадан балаға жалғасып отырды. Мысалы, «Жер – ана», «Бегім ан» сынды аңыздар халық арасында елеулі орын алады.

